

Туу туралы куәлікте туған жерді өзгертуге рұқсат беріледі

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде туған, бірақ қазіргі уақытта ел аумағында тұрақты тұратын ҚР азаматтары туған жері ретінде Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық орнын көрсете алады, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Бұл туралы жақында ҚР Әділет министрлігінде Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысында талқыланды.

«Неке және отбасы кодексінің 188-бабына «Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған, бірақ қазіргі уақытта ел аумағында тұрақты тұратын ҚР азаматтары бір рет өз туған жерін өзгертіп, туған жері ретінде Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық орнын көрсете алатыны туралы» өзгеріс енетінін оқыдым. Бұл норма не туралы және не үшін қажет?», - деді «Самұрық-Қазына» АҚ құқықтық қолдау және тәуекелдер бойынша басқарушы директоры Ғани Битенов «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасын талқылау барысында.

Оның сұрағына аталған заң жобасын әзірлеуге қатысқан ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің жауапты хатшысы Жанат Қожахметов жауап берді.

«Бұл біздің азаматтарға ыңғайлы болуы үшін жасалып отыр. Мәселен, бала ҚР аумағынан тыс жерде дүниеге келді және туу туралы куәлігінде сол мекенжайы көрсетіліп тұрады. Еш қиындықтар туындамауы үшін ол туған жері ретінде Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық орнын көрсеткісі келеді. Сол үшін ҚР азаматы болып табылатын жандарға туған жерін бір рет өзгертуге мүмкіндік беруді ұйғардық. Біздің пікірімізше, мұнда еш қиындық жоқ», - деді Ж. Қожахметов.

«Сонда ол адамдар туған жерін өзгерту арқылы президенттік сайлауға қатыса ала ма?» деген сұрақ қойылды. Бұл сұраққа ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Майра Айсина жауап берді.

«Конституцияда тумысынан Республика азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын және жоғары білімі бар азаматтың президенттікке сайлана алатыны жазылған. Бұл Конституцияға еш қайшы келмейді. Сондықтан, балалары өзге елде туған ата-аналарға бір мүмкіндік беруді шештік», - деді Майра Айсина.

Курсанттар тігін фабрикасына саяхат жасады

Ішкі істер органдары қызметкерлеріне әдептілік нормалары мен мінез-құлық қағидаларын сақтауына, моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар өте жоғары. Өз борышын өтеу жолында еліне қызмет етіп жүрген азаматтарымызға қоғамның қояр талаптары зор. Осы талаптарға сай болу, қоғамның көңілінен шығу – әр офицердің міндеті.



құжаттарының материалында жазылғандай, ашық вагондарға мінген 154 адам кәсіпорынмен бірге Қостанайға дейін 33 күн жүреді. Олар негізінен жастар еді. Қазақ даласына жеткенше жолда жаудың бомбасына тап болады, жұмысшылар ашығады. Фабрика директоры Адольф Гилевич Рябой жұмысшыларымен бірге фабриканың құрал-жабдығынан ешнәрсе қалдырмай ала келген екен. Міне, сол жаралы көштің 1941 жылы 21 қыркүйектегі Қостанайға жеткен күнін қазіргі уақытта фабрика ұжымы

Ал, біздің болашақ офицерлерді тәрбиелеуші Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының профессорлық-оқытушы құрамының міндеті – осы аталған қағидаларды әр курсанттың бойына сіңіре білу.

Жоғарыда аталғандардың бірі, әрине, киім кию үлгісі. Қостанай академиясы курсанттарын әдептілік пен ұқыптылыққа, жинақылыққа, киім кию үлгісінің дұрыс нысанын таңдауды үйрету мақсатында елімізге одан әрі әлемге аты машһур киім тігетін фабрикалардың бірі – Қостанай қаласындағы «Большевичка» фабрикасына Академияның оқытушылары полиция майоры Жанар Базарбаева мен полиция аға лейтенанты Аманат Мұрат саяхат ұйымдастырды.

«Большевичка» фабрикасының тарихына қысқаша тоқтала кеткенді жөн көрдік. Өйткені қызықты тарихи өмір ешкімді де бей-жай қалдырмасы анық.

Біздің «Большевичка» тігін фабрикасы туралы айтқанда, алдымен оның тарихы еске түседі. Кеңес Одағы Жеңіл өнеркәсіп халық комиссарының 1941 жылғы 4 шілдедегі бұйрығымен Украинаның Херсон қаласындағы «Большевичка» тігін фабрикасы Қостанай қаласына көшіріледі. Мұрағат

фабриканың туған күні деп атап жүр. 77 жылдай тарихы бар Қостанайдағы тігін фабрикасы бұған дейін де талай қиындықты еңсерген. Сондықтан тұралап қалмай, әлемдік көшке ілесіп тұрақты жұмыс істеу үстінде. Тек мұнан әрі өркендеп, дамудың жаңа кезеңіне көшу үшін мемлекеттің қолдауы қажет.

Саяхат барысында фабрика қызметкерлері алдымен, курсанттарды фабриканың тарихымен құлағандырып болған соң, жұмыс цехтарын көрсетіп, қызмет барысымен таныстырды. Сонымен қатар, фабриканың шеберлерінің қолынан шыққан арнайы киімнің түрлерін, дұрыс үлгілерін көрсетті.

Курсанттар аты әйгілі фабриканы естігендерімен, бүгін өз көздерімен көргендері үшін және осындай қажетті де танымды саяхатты ұйымдастыра білген ұстаздарына мың алғысын білдірді.

М. ОСПАНОВ,
Академияның баспасөз хатшысы,
А. МҰРАТ,

Кураторлар кеңесі төрағасының орынбасары
полиция аға лейтенанты

Талап қою арызын қайтару

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 148-бабына сай, талап қою арызы жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында бірінші сатыдағы сотқа беріледі.

Арызда: 1) талап қою арызы берілетін соттың атауы; 2) талап қоюшының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның туған күні, тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, ал егер талап қоюшы заңды тұлға болса, онда оның толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі мен банктік деректемелері; егер арызды өкіл берсе, өкілдің атауы мен оның мекенжайы көрсетілуге тиіс. Арызда, егер бар болса, талап қоюшы мен өкілдің ұялы байланысының абоненттік нөмірі мен электрондық мекенжайы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс; 3) жауапкердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол талап қоюшыға белгілі болса), егер жауапкер заңды тұлға болса, онда оның толық атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері (егер олар талап қоюшыға белгілі болса) мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол талап қоюшыға белгілі болса). Арызда, егер талап қоюшыға белгілі болса, жауапкердің ұялы байланысының абоненттік нөмірі мен электрондық мекенжайы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс; 4) азаматтық құқықтары мен бостандықтарын немесе талап қоюшының заңды мүдделерін және талап қоюшының талаптарын бұзудың немесе бұзу қаупінің мәні; 5) талап қоюшы өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайлар, сондай-ақ осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелердің мазмұны; 6) егер бұл заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе, жауапкерге жүгінудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау туралы мәліметтер; 7) егер талап қою бағалауға жатса, талап қоюдың бағасы, сондай-ақ өндіріп алынатын немесе дауланатынақшалай сомалардың есебі; 8) талап қою арызына қоса берілетін

құжаттардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

Прокурор мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделер үшін берген талап арызда мемлекеттік немесе қоғамдық мүдденің мәні неден көрінетіндігіне негіздеме, қандай заңды мүдделердің бұзылғаны, сондай-ақ қолдануға жататын заңға сілтеме болуға тиіс. Прокурор жеке не заңды тұлғаның мүдделері үшін өтініш жасаған жағдайда, талап арызда жеке не заңды тұлғаның өзінің талап қоюды беруі мүлкін еместігінің себептеріне негіздеме болуға тиіс. Талап-арызға, әрекетке қабілетсіз тұлғаның мүдделері үшін талап қоюды беру жағдайларынан басқа кезде, прокурордың талап қою мен сотқа жүгінуіне жеке не заңды тұлғаның немесе оның заңды өкілінің келісімін растайтын құжат қоса берілуге тиіс.

Талап қою арызына талап қоюшы немесе талап қою арызына қол қоюға өкілетті болған кезде оның өкілі қол қояды. Талап қою электрондық құжат нысанында берілген кезде ол талап қоюшының немесе оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Талап қою арызын қайтару. Талап қою арызының нысаны мен мазмұны және оған қоса берілетін құжаттар тізімі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 148, 149-баптарымен реттеледі.

Алайда, сотқа жүгінген тараптардың жоғарыда көрсетілген баптардың нормаларынан ауытқып кететін кездері жиі кездесіп жатады. Осындай жағдайларда сот, талап қою арызын қабылдаусыз қайтарады. Аталмыш заңның 152-бабына сәйкес, талап қою арызын қайтару келесі жағдайларда жүзеге асырылады: егер, талап қоюшы істердің осы санаты үшін заңда белгіленген немесе тараптардың шартында көзделген дауды сотқа дейін реттеудің тәртібін сақтамааса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса; 2) іс осы соттың соттылығына жатпаса; 3) талап арыз осы Кодекстің 148-бабының, 149-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының, 1-1-бөлігінің талаптарына сәйкес келмесе және істі

сот талқылауына дайындау сатысында кемшіліктерді жоюдың мүмкін еместігі анықталатын болса; 4) арызды әрекетке қабілетсіз адам берсе; 5) арызға оған қол қоюға немесе оны беруге өкілетті жоқ адам қол қойса; 6) осы немесе басқа соттың не төреліктің іс жүргізуінде сол тараптардың арасындағы, сол нысана туралы және сол негіздер жөніндегі дау бойынша іс болса; 7) егер заңда өзгеше көзделмесе, осы дауды төреліктің шешуіне беру туралы тараптар арасында заңға сәйкес келісім жасалса; 8) коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті орган, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 242-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган жылжымайтын затты есепке қабылдаған күннен бастап бір жыл өткенге дейін осы затқа коммуналдық меншік құқығын тану туралы сотқа жүгінсе; 9) талап қоюшы өзі берген талап қою арызын қайтару туралы мәлімдесе, судья талап қою арызын қайтарады.

Судья талап қою арызын қайтару туралы ұйғарым шығарады, онда, егер іс осы соттың қарауына жатпаса, адам қандай сотқа жүгінуге керектігін, не азаматтық істі қозғауға кедергі келтіретін мән-жайларды қалай жоюға болатындығын көрсетеді. Ұйғарым талап қою арызы сотқа келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шығарылуға және қоса берілген барлық құжаттарымен бірге талап қоюшыға тапсырылуға немесе жіберілуге тиіс.

Талап қою арызын қайтару, егер талап қоюшы жіберілген бұзушылықты жоятын болса, сол жауапкерге, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша талап қоюшының талап қоюмен сотқа қайтадан жүгінуге кедергі болмайды.

Талап арызды қайтару туралы соттың ұйғарымына апелляциялық сатыдағы сотқа жеке шағым берілуі, прокурор өтініш қайтару мүмкін, оның шешімі түпкілікті болып табылады.

Ғ. САРЫБАЕВ,
Рудный қалалық
сотының судьясы



Облыстық терме байқауы өтті

Қостанайдағы “Мирас” МУ-де облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен “Текті сөздің тересі – терме” атты облыстық терме байқауы өтті.

Байқауға облыстың 16-35 жас аралығындағы 15 өнерпазы қатысты. Олар термелеріне қазақтың ұлттық болмысын, ел бірлігін, Астананың 20 жылдығын арқау етті.

Әділқазылар алқасы Ғұмар Ахметшин, Назымбек Молдахметов, Манапбек Қадыров, Роза Олжабаева, Қыдырбек Қиысхан термешілерді әншілік шеберлігіне, таңдаған туындысының мазмұндылығына, сахна мәдениетін ұстауына қарап баға берді. Байқауды көріп, тамашалауға келген жұртшылық та белсенділік танытып, барлығына бірдей қолпаш білдіріп отырды.

Қорыта келгенде, Қамысты ауданынан келген Әсем Қанышева “Өнегелі термеші”, жанкелдиндік өнерпаз Байдос Қожасағиев “Тағылымды терме”, алтынсариндік Серік Алпысов “Көрермен көзайымы” аталымы бойынша марапатталды.

Ал 3-орынды аманкелділік Фариза Жоламанова мен Рудный қаласының үміті Айжан Шағаева бөлісті. Оларға 50 мың теңгеден қаржылай сыйлық ұсынылды. Қостанай ауданының намысын қорғаған Жасұлан Мақатов 2-орынға лайық деп танылды. Ол 75 мың теңгеге ие болды. 1-орын – меңдіқаралық Қанат Ражановтың еншісінде. Жеңімпазға 100 мың теңгенің сертификаты табыс етілді. Қанат Ражанов енді облыс намысын республикалық байқауда қорғайтын болады.

Курсанттар арасында «Парасатты полицей» байқауы өтті

2018 жылдың 16 наурызында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының акт залында Академияның Мемлекеттік тіл бөлімінің бастамасымен Ш. Қабылбаевтың 110 жылдық мерейтойын атап өту аясында 1,2,3 курс курсанттары арасында алғаш рет «Парасатты полицей» байқауы ұйымдастырылды.



Қара қылды қақ жарып, әділ бағаларын беру үшін әділқазылар алқасының төрағасы, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Д.Б. Тойматаев және қазылар алқасының мүшелері ретінде білім сапасын мониторинггілеу және бақылау бөлімшесінің бастығы, полиция подполковнигі Қ.Ө. Қарабеков, «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығының оқытушысы Г.Т. Крикленова және тілдер кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Е.Қ. Деріпсалдин шақырылды.

Бұл байқаудың мақсаты – полиция қызметкерлерінің оң имиджін қалыптастырумен қатар мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау. Ішкі істер органдарында қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тіл мерейін арттыру, Елбасымыз ұсынған латын әліпбиінің тарихын жетік білу, сонымен қатар белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ішкі қызмет генерал-лейтенанты Ш. Қабылбаевтың Отан алдында сіңірген игі істерін курсанттардың санасында жаңғырту болып табылады.

Сонымен, аталмыш байқауға 4 команда қатысқан болатын. Олар: 1-курс курсанттарынан құрылған – «Міндет» командасы; 2-курс курсанттарынан құрылған – «Абырой» командасы; 3-курс курсанттарынан құрылған – «Ерлік» командасы; 1,2,3-курс қыздарынан құрылған – «Қыз Жібек» командасы.

Байқау үш айналымнан құрылды. Алғашқы айналым «Ер есімі – ел есінде» деп аталды. Бұл сайыста әр команда топты қысқаша таныстыра отырып, Ш.

қызметте қазақ тілін қолданудағы игі бастамаларын сахналық көрініс арқылы сомдады. Осы көріністерді сомдау барысында байқауға қатысушылар көрермен қауымға өздерінің алғырлықтарын, актерлік қабілеттерін, шеберліктерін паш етті. Келесі айналым «Әуенді жамбы ату». Яғни, бұл айналымда байқауға қатысушылар өздері дайындаған қызықты әрі ұтқыр әзілдерін әуенге салып айтты. Және де соңғы, қорытынды айналым ол – «Қазақ тілінің жаңа белесі». Бұл сайыс арқылы курсанттардың латын графикасының тарихы жайлы білімдері тексерілді.



Қабылбаевтың бейнесі арқылы, оның өмірінен үзінді алып ІІО-ның жетістіктерін, оң имиджін, ІІО-да қызмет етудің мәртебесі мен жұмыстың ерекшеліктерін және

Ал, аталмыш іс-шара соңында байқаудың үздіктері мен жүйріктерін марапаттау үшін Академия бастығы, полиция генерал-майоры М. Қызылов пен әділқазылар алқасының төрағасы, полиция полковнигі Д.Б. Тойматаев шақырылды. Сонымен, «Парасатты полицей» байқауының нәтижелеріне келер болсақ, «Тілегі мен тілі бір» номинациясы бойынша «Міндет» командасы, «Өнерлі команда» номинациясы бойынша «Абырой» командасы марапатталды және «Ұйымшыл команда» номинациясы «Ерлік» командасына бұйырды. Ал, бас жүлде 1-курс курсанттарынан құрылған «Міндет» командасының еншісіне тиді.

Э. КАНАТЧИНА,
Академияның курсанттар баспасөз қызметі
2-курс курсанты



Еркін күрестен Қостанай облысының чемпионаты өтті

Шырақбек Қабылбаевтың туғанына 110 жыл толуына арналған 1998-2000 жылғы жастар арасында ерлер және әйелдердің еркін күрестен Қостанай облысының чемпионаты өтті.

Жарысты Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы мен ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бірлесіп, 2018 жылғы наурыз айының 10-11 күндері аралығында Академияның базасында өткізді.

Наурызым, Сарыкөл, Қарасу, Жітіқара, Қамысты, Денисов аудандары, Заречный кенті, Лисаков, Рудный, Қостанай қалалары және ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының командасы қатысты.

Қазақстан чемпионатына іріктеу бәсекесіне 150-ге жуық спортшы бақ сынасты.

Чемпионаттың ашылуында ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Е.Т. Қаппасов қатысушыларға спортта биік жетістіктерге жетуге тілектестік білдірді.

Спорт ардагері, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушысы, ҚСРО спорт шебері, ҚМПИ



құрметті профессоры, Қостанай қаласының құрметті азаматы Сарсенбаев Олжабай Қажығалиұлы өз сөзінде қатысушыларға Қазақстан чемпионатында жүлделі болуға тілек білдірді.

Спорт ардагері, Универсиада чемпионы Бекбосынов Өтебек Мырзахметұлы және спорт ардагері, самбо күресінен шеберлер арасында күміс жүлдегері Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қустановтов Бегайдар Ахметбекұлы қатысушыларға өз жылы лебіздерін білдірді.

Жарыстың бас төрешісі жоғары ұлттық дәрежедегі төреші, Наурызым ауданының

балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Серік Байдильдинов жарыстың тәртібімен таныстырғаннан кейін жарыс жалғасты.

Ағылшын тілінде Шырақбек Қабылбаевтың 110 жылдығына арналған баяндамамен 1-курс курсанты Исмагулова Томирис сөз сөйлейді.

Жүргізуші 3-курс курсанты Косимбетов Жандос жарыстың мақсатын жеткізді:

- Қазақстан Республикасы Президентінің салауатты өмір салтын насихаттау және дене шынықтырумен және спортпен үнемі шұғылдануға жастардың қатысуы туралы Жолдауын орындау;

- Қостанай облысы көлемінде жастар арасында еркін күресті әрі қарай дамыту.

Академияның тәрбие жұмысы бөлімінің ұйымдастыруымен дайындалған концерттік бағдарлама ұсынылды: барабаншылар тобының өнер көрсетуі және өлендер орындалды.

Чемпионат өте тартысты өтті. Әрине, әр салмақ дәрежесі бойынша жеңімпаздар анықталды.

Ә. АҚЫЛБЕКОВ

Орта Азия елдерінің басшылары Наурызға орай мәлімдеме жасады

Наурыз мерекесіне орай Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары бірлескен мәлімдеме жасады, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Біз, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Республикасы Президенттері Орталық Азия халықтарын бүкіл өңірімізге ортақ Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

2010 жылғы 23 ақпанда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарарымен бұл мейрам Наурыз - Халықаралық күні деп танылғанын және оны ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұралары тізіміне енгізгенін ерекше атап өтеміз. Өзінің мыңжылдық тарихында Наурыз мейрамы табиғаттың және қоғамның қайта түлеуі мен жаңаруының, адамзат баласының рухани тазаруы мен өзін-өзі дамытуының нышанына айналды. Осы шауқты да қастерлі мереке амандықты, бірлікті, бауырластық пен өзара қолдауды танытып, біздің елдерімізді біріктіретін барлық мәдени-тарихи құндылықтарды дәріптейді.

Бұл - ортақ ата-бабамыздан қалған ұлы мұра. Біз оны сақтауымыз және дамытуымыз қажет. Наурызды тойлау кезеңі барлық заманда адами және отбасылық қарым-қатынастардың, достық пен тату көршілік байланыстардың нығайтуымен, көршілер арасындағы ерекше қонақжайлылықтың көрініс табуымен қатар келген. Бұл ортақ тарих, мәдениет, дәстүр, тұрмыс арқылы біріккен елдеріміз үшін қазір де маңызды.

Осы мейрам қарсаңында бүкіл өңіріміздің қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен орнықты дамуын қамтамасыз ету мақсатымен өңірлік ынтымақтастыққа, өзара қолдауға, өзекті мәселелерді бірлесіп шешуге ниет білдіруіміздің зор символдық мәні бар.

Өзара тиімді сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық, өңірлік транзит-көлік инфрақұрылымның кеңеюі, су-энергетикалық, азық-түлік әлеуеттерін ұтымды игеру, өндіріс және өңдеу салаларын дамыту, озық технологиялар мен инновацияларды қолдану, цифрлық экономика жолындағы ілгерілеу Орталық Азия елдері әл-ауқатының тұрақты түрде есуін қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Біз халықтарымыздың арасындағы өзара құрмет, достық пен бауырластық қатынастарды сақтауға және нығайтуға деген тарихи жауапкершілікті сезіне отырып, мәдениет пен өнер, білім мен ғылым, туризм және спорт салаларындағы өзара ықпалдастықты тереңдетуге шақырамыз.

Көктемгі күн мен түннің теңелуі, рухани тазару мен жаңару мерекесінің қарсаңында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан халықтарына, сондай-ақ жер бетіндегі барша халықтарға бейбітшілік, молшылық және қуаныш тілеп, өсіп-өркендеулеріне ниеттестігімізді білдіреміз. Наурыз мейрамы әр үйге амандық пен бақ-береке әкелсін!